

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

**№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
2023-2024 оқу жылының музыкадан ортаңғы тобына ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Музыка жетекшісі: Сатиева Жанна
Комиссаровна**

2023-2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ/сынып Ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру; -Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету; -Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру; -Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау; -Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<p>-Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру;</p> <p>-Өн айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету;</p> <p>-Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;</p> <p>- Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<p>-Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну;</p> <p>-Өн айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету;</p> <p>- Балаларға ертегі туралы түсінік бере отырып, ертегі желісі арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын одан әрі арттыру.</p> <p>-Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу; -Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру; -Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> -Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру; -Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету; -Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру; -Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету; - Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру; - Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; - Балаларды қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру. Музыкалық аспаптар жөнінде кеңінен білім беру, танымын ашу, музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету; - Ән айтуда, қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру; - Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; - Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<p>- Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу;</p> <p>-Өн айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;</p> <p>-Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;</p> <p>-Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.</p>
Нормативтік жүктеме		Аптасына 1 сағат Айына 4 сағат Барлығы 36 сағат